

Тақырыбы: *Құрамында антрацен туындылары бар дәрілік өсімдік шикізаттарын талдау (сыртқы белгілері, микроскопиясы, сапалық реакциялары (хроматографиялық анықтау), фармакопеялық әдістеме бойынша сандық анықтау).*

Орындаған: Абдразакова С.Ә.



Жоспар

Кіріспе

I. Антрацен туындыларының медико биологиялық маңызы

II. Негізгі бөлім

Антрацен туындыларының ДӨ, сипаттамасы, қолданылуы

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер



АНТРАЦЕН ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ – БИОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

- **Антрацентуындыларының** **ХИМИЯЛЫҚ** құрылымдары өте ұқсас болғанымен оларды фармакологиялық әсеріне қарай ажыратуға болады.
- **Хризацин** туындылары іш жүргізетін әсер етеді де **ализарин** туындылары спазмолитикалық және нефролитикалық әсер көрсетеді. Антрахинондардың бір кетотобын тотықтыру арқылы бұл заттардың қасиетін өзгертуге болады.



- *Мысалы, “антрон, антронол, хризифан қышқылы, фисцин және эмодин” кешенін хризаробин препаратының құрамында кейбір тері ауруларында соның ішінде псориазда қолданады. Антрацен туындыларының конденсирленген топтары (мысалы, гиперидин) шәйқурай препараттарының антибактериалдық әсерін күшейтеді.*



• Іш жүргізетін дәрімектердің әсері ішектің перистальтикасына рефлекторлы әсеріне негізделген. Әсер ету механизмі бойынша хризацин туындылары ішектің кілегей қабаттарының рецепторларын тітіркендіргіш іш жүргізетіндер тобына жатады. Олар тік ішектің жұмысына аздап әсер көрсетеді. Антрагликозидтердің препараттарын ұзақ уақыт пайдалануға болмайды олар тұз бен су алмасуды және ағзаның қоректенуін бұзады. Антрахинонды іш жүргізетін препараттарды неврогенді және эндокринді іш қатуларда да тағайындауға да болмайды.




- *Шәйкурай шөбі -трава зверобоя -Herba Hyperici*
- *Шілтержапырақты шәйкурай — Зверобой продырявленный - Hypericum perforatum L.*
- *Шәйкурайлар тұқымдасы — зверобойные- Hypericaceae*



Сипаттама. Шәйқурай туысына жататын, биіктігі 30 см-ден 1 м-ге дейін жететін, көп жылдық шөптесін өсімдік. Сабағы тік бұтақталған, жапырағы сопақша, онда безді қара дақтары болады. Гүлдері ірі, сыпыртқы кейде қалақша гүл шоғырын құрайды. Гүлінде жасыл түсті, әрі қара нүктелі 5 тостаған жапырақша, сары 5 күлте, түбі 3-ке бөлініп топталып біріккен көп аталық, 1 аналық болады. Жемісі қауашақ. Маусым-шілде айларында гүлдейді.






- **Таралуы.** Қазақстанның барлық жерінде таралған. Шалғынды төбелерде, ағаштар мен бұталар арасында, темір жол жағасында, таулы беткейлерде өседі.

- **Дайындалуы.** Дәрілік мақсатта жеу үстіндегі бөлігін (*Herba Hyperici*) жемісі пайда болғанға дейін жинайды. Жоғарғы жағынан 25-30 см биіктікте шөбін сабағы мен кесіп алады: тамырында зақым тигізбеу керек. Ең тиімдісі 40 с температурада кептірген жөн.

Химиялық құрам. Шайқурайдың шөбінде антроцентуындылары гиперин (0,1-0,4), псевдогиперин, протопседогиперин, гиперин дегидродиантрон, франгулоэмодинантронол бар.

Шілтежапырақты шәйқурайдың микроскопиясы



А.Эпидермистің төменгі бет

Б.Эпидермистің жоғарғы беті

В.Лупамен көрген кесіндісі

1.Бөлінділер талшықта

2.Дақты бөлінді

3.Түссіз бөлінді

4.Тіннің анық көрінісі



Қолданылуы. Шайқурайдың дәрілері ауыз қуысының ауруларын емдеуге, қабынуға қарсы дәрі ретінде қолданылады. Новоиманин препараты сырт тәнге жараларды, күйікті, флегмонаны, пиодермитті, мастит, ринит, гаймарит: фарингитті емдеуге қолданады.

**Дәрі-
дәрмектер. Тұнба,
қайнатпа, спирт
тұнбасы, новоиманин.
Түрлі қоспалардың
құрамында болады.**



- **Сана жапырақтары , жемістері** - плоды, листья кассии - *Folia, fructus Sennae*
- **Үшкір жапырақты сана** -Кассия остролистная - *Cassia acutifolia Del*
- **Жіңішке жапырақты сана** –Кассия узколистная - *Cassia angustifolia Vahl*
- **Цезальпиниялар тұқымдасы** –семейство цезальпиниевые - *Caesalpinaceae*
- **Сипаттама.** Сана туысына жататын, биіктігі 1 м-ге дейін өсетін жартылай бұта. Сабағы тармақты, төменгі тармақтары ұзын, жерге төселіп жатады. Жапырақтары кезекті орналасқан қос жапырақшадан тұратын қос қауырсынды жапырақ. Жапырақшалары қияқты, шеттері тегіс, қияқты, шеттері тегіс, жалаңаш.



- **Таралуы.** Африка шөлдерінде, Қызыл теңіз, Ніл жағалауларында, Оңтүстік Аравияда, Суданда мәдени өседі. Оңтүстік Қазақстанда мәдени өсімдік ретінде өсіріледі.
- **Химиялық құрам.** Жапырағында антрогликозидтер, оның ішінде гликоалозэмодин, глюкорейн, димерлі қосындыларға жататын сеннозидтер А,В,С,Д бар.

Сонымен бірге шикізаттың құрамында флаванонидты қосылыстары (изорамнетин, кемпферол, органикалық салицил, май пальмитин, сторин қышқылдары, микро-макроэлементтер кездеседі.



Қолданылуы. Бұл шөптен жасалған дәрілер үш жүргізетін қасиеті кеңінен қолданылады.



**Сақталу мерзімі 2
жыл.**

Дәрі-дәрмек.
Антрасенин, сенейда, құрғақ экстракт, сулы тұңбасы. Іш жүргізетін қоспалардың құрамында болады.



Сапалық реакция

Борнтраггер реакциясы
Сығындыға 10%күйдіргіш
натрий қосамыз,ашық қызылдан
қоңыр қызылға(1.8 диокси
туындылары)қанқызыл(1.4
дионитритуындылары)



Сығындыға аммиак ерітіндісін
қосқанда ашық қызылдан
кармин қызылға өзгереді.



Сығындыға 3%
магний
ацетатының
спиртті ерітіндісін
қосамыз,ашық
қызылдан ,қызыл
күлгінге дейін
боялады.



Сығындыға 5мл
мұзды сірке
қышқылын
қосамыз,флуорес
енция пайда
болады.



Сығындыға 3-5 мл 5
н калий
гидроксидінің
ерітіндісі қосқанда
сары не жасыл бояу
пайда болады.Ауада
біраз тұрғанда қоңыр
қызылға дейін
ауысады.



- Бояулық риян тамырлары мен тамырсабақтары – корни и корневища марены красильной -*Radices et rhizomata Rubiae*
- Бояулық риян –Марена красильная -*Rubiae tinctorum*
- Рияндар тұқымдасы – семейство мареновые *Rubiaceae*



Сипаттама. Көпжылдық көлденең ұзын тамырсабағы бар жармасып өсетін шөптесін өсімдік. Сабақтары жатыңқы немесе жармасып өрмелейді, ұзындықтары 150 см, 4-қырлы тікенді. Жапырақтары 4-6 дан шоқталып орналасқан 10 см, қияқты немесе эллипс формалы, сағақсыз, шеттерінде тікендері бар. Гүлдері ұсақ, жасыл сарғыш, жапырақ қуысына көп гүлді сырғыш тәрізді жартылай шатырлар құрайды. Жемісі сүйекшелер, алғаш қызыл түсті болады, біртіндеп қараяды. Шілде тамызда гүлдейді.



Сандық көрсеткіштер. Ылғалдылығы 13%-тен, риянның басқа бөліктерінің қоспалары 1:5%-тен, басқа өсімдіктердің қоспалары 1%-тен, минералды қоспалары 1%-тен аспауы керек. Бір-бірімен байланысқан антратуындылары 2%-тен төмен болмауы керек.

Таралуы: Бояулық риян Жерорта теңізінің өсімдігі. Ресейдің Европалық бөліктерінде жабайы өсімдік ретінде таралған.

Химиялық құрам. Өсімдіктің тамыры мен тамыр сабағында антрахиондар (2,68%), ализарин, рубинадин, пурпурин, лүцидин, псендопурпурин, руборитрин, пурпурин 3 карбон қышқылдары бар.



- **Қолданылуы.** *Бұл өсімдіктің тамырынан жасалған дәрілер зәр шығаруды күшейтесін, қуықтың, бүйректің зәр шығару жолдарының бұлшық еттерін босататын қасиеттері бар. Осыған байланысты қуық, бүйрек және өт жолдарына тас байланғанда өсімдіктің шипалық қасиеті мол деп саналады. Бұл өсімдіктерден жасалған препараттар түрлі тастарды зәрмен шығарады. Дәрінің әсерінен еріп мүжілгендіктен бұл тастардың сыртының кедір-бұдырын, ұзына бойындағы кішкене қуыстарды көруге болады.*
Дәрі-дәрмектер. *Сұйық экстракт ұнтағы. Өт айдайтын қоспалардың құрамында, цистеналдық құрамында болады.*
Сақтау мерзімі. 3 жыл.



- Жылқы қымыздық тамырлары - корни щавеля конского - *Radices Rumicis conferti*
- Жылқы қымыздық - Щавель конский - *Rumex confertus* Willd
- Тарандар тұқымдасы – семейство гречишные *Рougonaceae*



Сипаттама. Биіктігі 150 см
көпжылдық шөптесін өсімдік, қысқа
көп сабақты тамырсабағынан аз
тармақталған ірі тамыры таралады.
Жапырағы кезекті орналасқан,
төменгілері үшбұрыш жұмыртқа
тәрізді, шеттері толқын тәрізді
ирелендеп орғаласқан, сабақ
жапырақтары аздап кішілеу, қияқты.
Гүлдері ұсақ, жасыл түсті жіңішке
сыпыртқы тәрізді гүл шоғырына
жиналған. Мамырда гүлдейді.



**Таралуы. Ресейдің
Европалық бөліктерінде
,Кавказда,Сібірдің оңтүстік
аудандарында ,Қазақстанда
Қиыр шығыста
таралған.Шалғынды
жерлерде,өзен
жағалауларында жолда
кездеседі.**



**Химиялық құрам. Жер
асты өнімдерінде
антропен гликозидтер
(0,86-1,6%), эмодин,
аробинозид эмодина,
хризофанол,
Франгулоэмодин, алоэ-
эмодин, фисцион болады.**





Қолданылуы. Өсімдіктен дайындалған қайнатпа мен ұнтағын колиттерді, энтероколит пен геморройды емдеуге қолданылады.

Дәрі-дәрмектер. Тұнба, қайнатпа.

Сақталу мерзімі. 3 жыл.



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- **1. Б.Қ.Махатов, Ә.Қ.Патсаев, К.К. Орынбасарова, Ж.А.Қадишаева «Фармакогнозия» Шымкент 2011ж**
- 2. Б.Қ.Махатов, Ә.Қ.Патсаев, К.К. Орынбасарова «Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы» Шымкент, 2011 ж**
- 3. Интернет www.google.kz**



**Назарларыңызға
рахмет!!!**

